

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 40 (951) 8 қыркүйек 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ТАЙЫНША АУДАНЫНДА САУДА – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕСІ ӨТТІ

Қыркүйектің 6 жұлдызында «Бір белдеу – бір жол» жобасы шеңберінде Тайынша ауданына қарасты Ильичевка ауылындағы «Тайынша Май» зауыты төңірегіндегі арнайы ұйымдастырылған жерде Қазақстан Республикасының Солтүстік Қазақстан облысы мен Қытай Халық Республикасы Шэньси өлкесі арасындағы сауда – экономикалық ынтымақтастық кеңесі өтті.

ҚХР-дан келген делегацияның құрамына Үкімет мүшелері мен Шэньси провинциясының ірі компанияларының өкілдері кірді. Топты Шэньси партиясының провинциялық комитетінің хатшысы Чжао Идэ бастады. Кеңеске қатысқан делегаттар өзара пікір алмасты. Жиналғандар сонымен қатар осы төңіректе арнайы ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы көрмесін тамашалады. Көрмеде облыс көлеміндегі «Масло-Дел», «Радуга», «BioOperations», «Султан ЭММК», «EMC Agro», «Казмясопродукт» және тағы басқа озық шаруашылықтардың өнімдері көрсетіліп, тіпті сүт, нан, ет тағамдарының кейбір түрлерінің дәмін татуға да жағдай жасалған. Көрмеде дәмді бал өнімінің де бірнеше түрі болды.

Дәл осы күні Қазақстан мен Қытай арасындағы саясат, инфрақұрылым, сауда және қаржы саласындағы ынтымақтастықты қолдау бағытында және «ЧанъанХао» Қытай-Еуропа теміржол экспресінің ашылғанына 10 жыл толу құрметіне арналып, Сиань қаласына қазақстандық астығы бар алғашқы вагон жөнелтілді. 2016 жылдан бері жұмыс атқарып келе жатқан үлкен компанияның агроөнеркәсіптік кластері құрамына «Тайынша май» зауыты және «Мемолукс» элеваторы кіреді. Жалпы бұл компания облысқа шамамен 10 млрд теңге инвестиция салды. Бүгінгі таңда бұл республикадағы ірі май өңдеу зауытының және өңірдегі экспортқа бағдарланған кәсіпорындардың бірі.

Облыс әкімінің орынбасары Рүстем Құрманов мырза және басқа да сөз алған азаматтар мұндай қауымдастықтың еліміздің экономикасының алға басуына өте қажет екенін айтты. СҚО әкімінің орынбасары Рүстем Құрмановтың айтуынша, Солтүстік Қазақстан ҚХР-ға өнім жеткізуге мүдделі, өз кезегінде Қытай инвестициялары басым болып саналады.

«СҚО мен Шэньси провинциясы арасында келісімге қол қойылды. Осы провинциямен біз ынтымақтастықты дамытамыз. Қазір Қытай нарығында танымал болу үшін «Айдзю-



Қызылжар» брендімен шығамыз. Болашақта біз 50 мың тоннаға дейін май және бір миллион тоннаға дейін астық жібере аламыз», - деді СҚО әкімінің орынбасары.

Бұл күні облыс әкімінің орынбасары бастаған делегация элеватор төңірегіне арнайы ағаш отырғызу рәсіміне де қатысты.

Естеріңізге сала кетейік, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сиань қаласында өткен бірінші «Орталық Азия – Қытай» саммитінде тәуелсіздік жылдарында елімізге 350 миллиард доллардан астам инвестиция тартылғанын айтты. Соның 23 миллиард доллардан астамы – Қытайдың еншісінде. Президент Қытаймен инвестиция саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға әзір екенін жеткізген болатын.

Айта кетерлігі, соңғы жылдары Орталық Азия елдерінің экономикалық қарым-қатынасы жаңа деңгейге көтерілді. Былтыр Қазақстанның осы аймақтағы мемлекеттермен алыс-берісі 19 пайызға өсті. Яғни, 8 миллиард доллар болды. Алдағы уақытта Қазақстан бұл

көрсеткішті 15 миллиардқа дейін жеткізуді көздеп отыр.

Қазақстан – Қытайдың жақын көршісі әрі сенімді серіктесі. Сондықтан «Бір белдеу – бір жол» жобасына атсалыса береді. Осы орайда Қазақ-Қытай шекарасында үшінші темір жол өткелін ашу маңызды қадам болмақ. Транскаспий халықаралық көлік дәлізі «Қытай – Орталық Азия-Еуропа» бағдарының негізгі бөлігі саналады. Бүгінде осы бағыттың стратегиялық маңызы арта түсті. Аймақтағы жобаларға Қытайдың атсалысуы олардың табысты ілгерілеуіне өз септігін тигізері анық.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша Маңы»



«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: САПАЛЫ БІЛІМ, АДАЛ ҰРПАҚ, ТАБЫСТЫ ҰЛТ»



2023 жылғы тамыздың 28 жұлдызында аудан ұстаздар қауымының «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында дәстүрлі тамыз конференциясы өтті. Конференция барысында өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жүргізіліп, жаңа оқу жылына арналған жаңа мақсаттар айқындалды. Тамыз кеңесіне аудан әкімі Б. А. Әлжанов қатысты.

Форумның пленарлық мәжілісінде болып сөз алған аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнар Игибаева өткен оқу жылының қорытындысы және алда тұрған міндеттері туралы баяндамасын оқыды. Жиын барысында аудан әкімі де аудан ұстаздарына өз ойын жеткізіп, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Сонымен қатар, бірқатар ұстаздарға мерекелік



марапаттар табыстады. Аудан басшысы өз сөзінде: - Біздің басты мақсатымыз балаларымыздың жақсы білім алуына толық жағдай жасау, - деді. Одан әрі кезек марапатқа берілді. Ауданымыздың көптеген ұстаздары аудан әкімінің «Алғыс хатымен», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» және «Алғыс хатымен» марапатталды. Тамыз кеңесінің алдында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өңіріміздегі Келлеровка, Донецкое, Краснополян және Летововное ауылдарының мектептеріне заманауи автобус табысталды.

*** **

Тайынша қаласындағы №5 орта мектебінде жаңа оқу жылы қарсаңында «Балдырған» шағын орталығы алғаш рет есігін айқара ашты. Тайынша ауданын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы аясында бүлдіршіндер шағын орталықтың табалдырығын аттады.

Жаннұр БЕКТҰРҒАНОВА, тілші.

«МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ»



ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ



2017 жылы премьер-министр Бақытжан Сағынтаев Тілдер күнін 5-қыркүйек деп бекітті. Сол күні тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы өмір есігін ашқан. Мерекелік датаның сол күнге ауыстырылуы ұлт зиялысының еңбегіне жасалған құрметтің бір белгісі.

Еліміздің көпұлтты болуына байланысты, бұл мерекені Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері мен ұлыстар атап өтеді. Қазір елімізде жүргізіліп отырған салиқалы тіл саясаты толеранттық тілдік орта қалыптастырудағы маңызды қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени құндылықтардың бірі болып саналады. Қазақстанда 100-ден асатын ұлтқа Ассамблея жанында тілдерін дамытуға мүмкіндік жасалған. Елімізде оннан астам этникалық топтың өз тілдерінде оқытатын мектептері бар және оларды мәдени-рухани қолдау орталықтары жұмыс істейді. Қазақ тілі ұлтаралық қатынастар тіліне айналуы тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында: – Еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай береміз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін деген болатын. Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде өзге ұлт өкілдерінің тілінің дамуымен қатар, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстар атқарылып келеді. Бүгінде елімізде 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік тілді дамытудың бағдарламасы да қазақ тілінің ұлтаралық қатынастар тілі деңгейіне жетуіне бағытталған. Жуықта «Ана тілі» газетіне берген сұқбатына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тағы бір мәрте тілдік проблеманың үлкен саяси маңызы бар екенін қадап айтты. Тіл мәселесіне бей-жай қарап, немқұрайдылық танытатын болсақ, мемлекеттіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін. Алайда мемлекеттік тілді дамыту ісінде қызбалыққа салынып, оның қолдану аясын күшпен кеңейтуге ұмтылудың кері әсері болары анық. Өйткені оның соңы ұлтаралық араздыққа дейін жетуі мүмкін, деп атап өткен болатын. Мемлекет басшысы Қазақстан халқы үшін мемлекеттік тілде сөйлеу мақтаныш болу үшін оған қажеттілікті арттыру керек деп, нақты шешімдер ұсынды.

Біріншіден, мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек. Екіншіден, біз қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдауымыз керек. Оларды Парламентке, өкілетті органдарға сайлап, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жоғары лауазымдарға тағайындап, мемлекеттік наградалармен марапаттап отырғанымыз дұрыс. Үшіншіден, қазақ тілін қолдану барысында фонетикалық және орфографиялық қателер жіберіп алатын отандастарымызға түсіністікпен қарап, толеранттылық танытуымыз керек. Мұндай азаматтар жастарымыздың арасында да аз емес. Олардың талпынысын мазақ етпей, қайта қолдай түскеніміз жөн, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл мерекені атап өтудегі мақсат – ана тілімізге, елдегі түрлі этнос өкілдерінің мәдениетіне, тіліне, мұрасына құрмет көрсету. Қазіргі жаһандану дәуірінде жастарды ана тілін, туған жерін сүйуге, оған қызмет етуге, құрмет тұтуға тәрбиелеуіміз қажет. Баршаңызға шығармашылық табыстілеймін. Мемлекеттік тілдің пайдалану аясының кеңеюі біз үшін өте маңызды. Сондықтан да мәдениетаралық қарым-қатынаста, түрлі этникалық топтардың коммуникациясына осы мемлекеттік тілді негізге арқау ету, негізгі мақсаттың бірі екендігін білейік. Тіл мерекесі құтты болсын!

Алғашқы Білім күні, 1-қыркүйекте дәстүрлі түрде қазақстандық оқушылар мектепке барады. Халықаралық білім күні, оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге арналған жаңа оқу жылының басталу мерекесі. Дәстүр бойынша, бұл күні мектептерде бірінші сынып оқушыларын ерекше қуанышпен қарсы алатын салтанатты жиындар өтеді. Тайынша ауданының мектептерінде оқушыларға арналған «МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ» сынып сағаты өткізілді.

Жаңа 2023-2024 оқу жылы, әсіресе, Тайынша қаласындағы бірінші мектеп оқушылары үшін үлкен қуанышпен басталды. Жалпы 600 орындық жаңа мектеп есігі жаңа оқу жылында есігін айқара ашып, қолданысқа берілді. Жаңа оқу жылының алғашқы күнінде мектепте 469 ұл-қыз оқиды. Айта кететін жайт, биыл осы мектепте бірінші рет қазақ тілді сыныптарға балалар қабылданған. 1-ші сыныпта 11 балғын қазақша білім алады. Ауданда биылғы оқу жылында екі жаңа білім ошағы білім айдынына шәкірттерді қарсы алды. Екінші 120 орынға шақталған жаңа білім ошағы Вишневка елді мекенінде 1 -қыркүйектен өз жұмысын бастап кетті. Аудан бойынша жалпы білім беретін 46 мектеп жаңа оқу жылына дайын. Биылғы жылы толық жөндеуден өткізілген мектептер қатарында Кирово, Донецкий және Теңдік ауылдарындағы білім ошақтары. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы, өткен оқу жылының қорытындысымен салыстырғанда оқушылардың білім көрсеткіштері өте жақсы. Биылғы жаңа 2023-2024 оқу жылында да білім көрсеткіштері өте жоғары деңгейде болады деген ойдамыз! Жаңа оқу жылы құтты болсын!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ!



«Петропавл автовокзалы» ЖШС өкілдері, жемқорлыққа қарсы жобаның волонтерлері жұртшылықтың назарын аударды.

Облысшілік 45 маршрутқа еріктілер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің колл-орталығының нөмірі – 14 24 бар материалдарды таратты.

Петропавл автовокзалының орташа жолаушылар ағыны күніне шамамен 1000 адамды құрайды. Енді ауыл тұрғындары жол бойында жемқорлық фактілері туралы хабарлауға болатын байланыстарды жазып қана қоймай, жемқорлыққа қарсы бейнероликтерді де көруге мүмкіндік алады.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі «Жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасын іске қосты.

Жобаның әлеуетті волонтерлері белсенді азаматтар, қоғамдық ұйымдар, студенттер, студенттік ұйымдар, зерттеу орталықтары, адвокаттар, нотариустар, сот

орындаушылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерлер, сарапшылар, мамандар, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, жеке ұйымдар және т.б. бола алады.

Жоба шеңберінде мынадай бағыттар көзделген: қоғамдық бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы зерттеу және ағарту, Pro bono волонтерлік (кәсіби көмек көрсету) және корпоративтік еріктілік.

Атап айтқанда, «корпоративтік еріктілік» бағыты бойынша квазимемлекеттік сектор мен бизнес субъектілері берілетін құжаттардың (талондардың, түбіртектердің) артық жағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы баннерлерді орналастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша push-хабарламаларды жіберу және ұйымның ерекшелігін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы контентті ілгерілету арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке өз үлесін қоса алады.

КОМПЬЮТЕР МЕН ТЕЛЕФОНҒА ТӘУЕЛДІЛІК

Компьютер иелефонның адамның қажетті құралға айналғаны қашан. Бүгінде компьютерсіз ешбір мекеменің жұмысы бітпейді. Мекеме дейміз-ау үй басына бір компьютер, қос-қостан қалта телефонын алып жүру қажеттіліктен тәуелділікке ұрындыруда. Тұрмыстық техника қажет дейік. Алайда оларды дұрыс қолданып жүрміз бе? Мәселе осында жатыр.

Әйтеуір алу керек деп компьютерді сатып алып, баласы ойын ойнап, ата-анасы фильмдер көріп немесе тек әлеуметтік желілерде отыратын болса пайда шамалы. Пайдаңыз не, шексіз зиян келтіреді. Компьютер мен телефон адамзаттың ақыл есін арбап, өзіне баурап, тәуелді етуде. Үйдегі компьютер күндіз-түні сөндірмейді. Таңертен ұйқысынан оянганнан отырған бала кешке дейін қозғалмай монитордың алдында отырғаны. Анасы үйдегі ұсақ-түймек шаруамен айналысып жүріп қанша уақыт отырғанын да байқамай қалады. Кейбіреуіне шуламай, үйді шашпай, киімін кірлетпей, көршінің баласымен төбелеспей тып-тыныш отырғаны ұнайтын да сияқты. Бала ұйықтаған кезде анасына, одан соң кешкісін жұмыстан келген отағасына ауысады. Ол түнімен компьютерге қарап түн жарымында ғана төсегіне жатады. Осыдан кейін мұндай отбасында ауызбіршілік, түсіністік, бауырмалдық қайдан болсын. Бір үйде тұрғандарымен бірін-бірі қажетсінебейді, компьютердің ішінде әрқайсысының өзіндік бір әлемі бар.

Ал телефон өзінше бір бөлек әлем. Бала 2-3 жасқа толысымен ата-анасы смартфон, планшет сыйлай бастайды. Баласының бәрін білгенін, тезірек өскенін армандайтын ата-ана оның жаңа техниканы игеріп кеткеніне мәз. “Мен білмейтін функцияларды біледі, бәрін өзі қосып алады” деп мақтанып жүретіндері де бар. Ал сол телефонның балаға титтей де пайдасы жоқ екенін ата-ана түсінсе ғой. Керісінше баланың айналыны тануына, қызығушылығының дамуына, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауына кедергі болады. “Бала сұрайды, жылайды” деп сылтауратудың қажеті жоқ.

Телефонның да адам өміріне қауіптілігі мол. Соңғы шығып жатқан бірнеше функцияны қатар орындайтын телефондар жарылып, адамдарды жарақаттап жүргенін жиі естіп жүрміз. Былтырғы жылы Астана қаласында 7 жасар қыздың қалтасындағы телефон жарылып, аяғын жеңіл жарақаттаса, биыл Қытай азаматы жарылыс салдарынан екі қолынан бірдей айырылды. Осыдан соң телефонның жастанып ұйықтайтындар оны тек сөйлесуге қолданса екен дейміз.

Жасөспірімдер саябақта қыдыру, доп ойнау, киноға бару (кітап оқуды қойғалы қашан), қыз бен жігіт болып кездесу үрдісінен де жаңылған сияқты. Қашан қайда көрсеніз

де телефонға шұқшып отырғаны. Автобуста, көшеде, үйге, келгенде тіпті төсекте. Ересектердің өзі қонаққа барып дастарқан басында телефондарымен әуре болып отырғандарын көресіз. Арқа-жарқа әңгемелесу, сырласу үшін бас қоспаушы ма еді? Қазір елге танымал саясаткер, эстрада жұлдыздарының да үлгісі “селфиден” аспай тұр. Instagram желісінде “таңғы ас”, “бәленше мейрамханасындағы түскі ас”, “түйгеншеңнің үйіндегі кешкі ас” деген суреттерге “ас болсын”, “тамағыңыз тәтті болсын”, “ыдыс әдемі екен”, “көйлегіңіз әдемі”, “маған ұнамайсыз” деген комментарийлер жазумен жұрттың уақыты босқа кетіп жатыр.

Тек үйде ғана көретін теледидардан мұнша зиян болса, қалта телефоны, планшет пен арқалап жүруге ыңғайлы ноутбуктың кесірін өзіңіз пайымдай беріңіз. Ол біздің жастарымызды әңгімелесу, танысу, жан-жағындағы болған нәрсені тамашалау мүмкіндігінен айырып отыр. Екі адамның басы қосылса дұрыстап әңгімелеспейді, әркім өзінің телефонына шұқшып отырғаны. Бұл – дерт телефонға тәуелділік ауруы. Телефон арқылы “аха”, “нестеп”, “мм”, “каз” деп өзімізше қысқа қайырып жүріп, келер ұрпағымыздың санасын құрбандыққа шалудан сақ болайық. Ол үшін бәрін өзіңізден бастаңыз. Неден бастау керектігін білмесеңіз, мына кеңестерді басшылыққа алыңыз:

1. Телефонды 10 минуттан артық ұстамаңыз. Бұл уақыт шаруаңызды айтуға немесе сұрағыңызға жауап алуға жеткілікті.

2. Жазған хабармаларыңызды санауды әдетке айналдырыңыз. Күнделікті жазатын хабарламаңыздың саны 10-нан аспауына ден қойыңыз.

3. Үйде ұялы телефон қоятын бір орынды белгілеңіз. Қоңырау дыбысын естімей қаламын деп те уайымдамаңыз, кез келген уақытта ол нөмірге қайта қоңырау шала аласыз.

4. Үйдің жанындағы дүкенге, қоқыс лақтыруға немесе серуендеуге шыққанда телефонды үйде қалдырып кетіңіз.

5. Телефон ойынының орнына қызықты кітап оқыңыз.

6. Телефонды бір тәулік бойы сөндіріп қойыңыз. Бір күнде әлемнің қаншалықты әдемі екенін көруге, біраз шаруа тындыруға болатынына көзіңіз жетеді.

Егер айтылған кеңестер өзіңізге немесе балаңызға мүлдем көмектеспейтін болса, яғни өз еркіңізбен телефоннан бас тарта алмайтын болсаңыз, психолог маманға барып отбасылық мәселені талқыға салыңыз. Проблеманы мойындау - онымен күресудің басты жолы екені есіңізде болсын.

Пайдалы кеңестерді жинаған: Жаннұр БЕКТҰРҒАНОВА.

Электрондық цифрлық қолтаңбаңызға сақ болыңыз: алаяқтар оны қалайша пайдаланулары мүмкін

Қазіргі уақытта өмірімізді электрондық цифрлық қолтаңбасыз (ЭЦҚ) елестету қиын, оның көмегімен біз тәуліктің кез келген уақытында және аптаның кез келген күнінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер аламыз, оның көмегімен онлайн-қабылдау бөлмелеріне жүгінеміз, тұрғын үй кезегін қадағалаймыз, мәмілелер және тағы басқалар жасасамыз. Алайда, мұның кері жағы да бар: егер сіз қырағылық танытпай, электрондық цифрлық қолтаңбаңызға сақ болмасаңыз, алаяқтардың құрбаны болуыңыз әбден ықтимал.

Алаяқтар ЭЦҚ-ны қалай пайдалануы мүмкін және оны қалай қорғауға болатыны жөнінде Fingratota.kz-пен бірге қарастырамыз.

Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – бұл сіздің қолжазба қолтаңбаңыздың цифрлық баламасы. Белгілі бір цифрлық құжаттарға жеке ЭЦҚ-мен қол қою арқылы сіз іс-әрекеттеріңіздің заңдылығын растайсыз.

ЭЦҚ-ны Қазақстанда жеке, сондай-ақ заңды тұлғалар ресімдейді. Жеке тұлғалар ЭЦҚ-ны мемлекеттік көрсетілетін қызметтер алу, өздерінің зейнетақы аударымдарын немесе медициналық сақтандыруды қадағалау және т.б. үшін пайдаланады. Заңды тұлғалар үшін ЭЦҚ-ны басшы, сонымен қатар қажет болған жағдайда белгілі бір міндеттерді шешу үшін уәкілетті қызметкерлер де алады.

Алаяқтар ЭЦҚ-ны өз мақсаттары үшін қалай пайдалана алады

Егер сіз ЭЦҚ-ны жоғалтып алсаңыз немесе оны бөтен адамдарға қандай да бір «көмек» үшін берсеңіз, онда олардың қолында сіздің барлық жеке деректеріңіз бар есептей беріңіз. Қаскүнемдер ЭЦҚ-ны күмәнді мәмілелер жасау, пәтерде бөгде адамдарды тіркеу немесе сіздің көлігіңізді қайта ресімдеу үшін пайдалана алады.

Түсінікті болу үшін ЭЦҚ-мен алаяқтықтың бірнеше мысалын қарастырайық.

1-мысал: ұйымның қаржысын пайдалану мақсатында жүргізілген алаяқтықтар

ЭЦҚ-мен алаяқтықтың ең көп таралған түрі – басшының өз ЭЦҚ-ын фирманың атынан қаржылық операциялар жүргізуге құқылы қызметкерге беруі.

Жосықсыз қызметкер ұйымның ақшасын жалған мәмілелер мен жалған төлем шоттары арқылы иемденуі мүмкін. Алайда, ЭЦҚ басшының атына тіркелгендіктен, құқық қорғау органдары басшының өзін жауапқа тартады. Бұл ретте қолтаңба иесіне алаяқтыққа қатысының жоқтығын дәлелдеу өте қиынға соғады.

2-мысал: «жоқ адамдарды» жұмысқа орналастыру

Алаяқтар арасында «жоқ адамдарды» жұмысқа орналастыру кеңінен таралған, бұл да басшының ЭЦҚ-сы арқылы жасалады. Жұмысшылар қағаз жүзінде болады, ал олардың жалақысы алаяқтардың қалтасына түседі. Бұл жағдайда да тергеу жұмыстары күрделене түседі, себебі жоқ қызметкерлерді жұмысқа қабылдауға басшының қолы қойылған, ал ол ЭЦҚ-ны қызметкеріне өз еркімен тапсырса да бұл жөнінде бейхабар болады.

3-мысал: пәтерде шектен тыс адамның тіркелуі

Көбінесе ЭЦҚ сыйақы үшін пәтерге тіркеу үшін қолданады, осыдан кейін жүздеген адамды бір пәтерге тіркеуге болады. Бұл жағдай ЭЦҚ жоғалтқан немесе оны басқа адамға сеніп тапсырған баспана иесіне қатысты орын алуы мүмкін.

4-мысал: қылмыскерді ұстау үшін арнайы операция түрінде ЭЦҚ-ны алып қою

Азаматтар алаяқтардың полиция мен мемлекеттік органдар қызметкерлеріміз дегендеріне сеніп, алаяқтардың құрбаны болып жатады. Схема мынадай: адамға, мысалы, құқық қорғау органдарының жалған қызметкері қоңырау шалып, қауіпті қылмыскердің ұсталғанын айтады, осылайша жеке тұлғаның ЭЦҚ және паролінің қажет екені айтылады. Егер адам бас тартса, олар келіскенше қысым жасайды және қорқытады. Алаяқтар ЭЦҚ-ны өз иелігіне алып, банктерге және микроқаржы ұйымдарына кредиттерге өтінімдер жібереді. Содан кейін коллекторлар ЭЦҚ иесіне шығады, оның шоттарына тыйым салады, бұл жерде басқа адамның өтінім бергенін дәлелдеу мүмкін емес.

(Жалғасы газеттің келесі санында).

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ТҮСІНДІРУ ТУРАЛЫ КЕҢЕС ӨТТІ



Тайынша қаласы және ауданының бірнеше ауылдық округтерінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу жайлы жиын өтті.

Жиынға Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының бас дәрігері, облыстық мәслихат

депутаты Мақсат Мадярұлы Құдратуллаев, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру Қоры» ҚЕАҚ СҚО филиалының директоры Лариса Болеславовна Гордеева және СҚО бойынша «Міндетті медициналық сақтандыру Қоры» КЕАҚ-ның өтініштер мен ақпарат бөлімінің басшысы Қарлығаш Сағадатқызы Ильясова, Тайынша ауданы Жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімінің басшысы Жакенова Айнагул Сағатқызы қатынасты. Сонымен қатар Тайынша ауданының тұрғындары, жеке кәсіпкерлер, өз-өзін жұмыспен қамтитын азаматтар, әкімшілік қызметкерлері, мұғалімдер, аудандық жұмыспен қамтуды үйлестіру, әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімі және мемлекеттік кірістер басқармасы қызметкерлері қатысты.

Жиында «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру Қоры» ҚЕАҚ СҚО филиалының директоры Л. Б. Гордеева өз баяндамасында: Медициналық сақтандыру – халықтың денсаулығын қорғау жүйесі болып табылады. Дамыған елдердің көпшілігі оны денсаулық сақтау саласында қолданып отырғаны, арнайы қорға жиналған қаражат есебінен тегін медициналық көмек алуға болатынын толық түсіндіріп берді.

Бүгінгі таңда басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам жоқ. Сондықтан да денсаулыққа қатысты мәселелерді алдын ала ойластыру қашанда оң нәтиже бермек. Әр адам денсаулығы үшін өзі жауапты, дегенмен мемлекет бұл мәселеде қарапайым халыққа көптеген жағдайларды, ұтымды және жақсы мүмкіндіктерді жасап отыр. Ендігі жерде бұл мәселеге мемлекет және жұмыс беруші де белсенді араласпақ. Мысалы, сақтандыру жарналарын азаматтарға жұмыс беруші мекемелер төлеп отырады, ал жұмыссыздар мен еңбекке жарамсыз адамдар үшін жарна мемлекеттен аударылады. Сондай-ақ, еңбеккер азаматтар өз жалақыларынан мақсатты салымдар аударыды. Бұл жүйе халықтың барлық топтары үшін медициналық және дәрі-дәрмектік көмектің тең көлемі мен сапасын қамтамасыз етеді. Сөз кезегінде СҚО бойынша «Міндетті медициналық сақтандыру Қоры» КЕАҚ-ның өтініштер мен ақпарат бөлімінің басшысы Қ. С. Ильясова да осы тақырып барысында көптеген мәліметтер берді, кеңеске қатысушылардың сұрақтарына да жауап берді. Жиын соңында осы медициналық сақтандыру бойынша қандай да бір сұрақтар аудан тұрғындарын мазалап жатса, арнайы хабарласып телефон арқылы кеңес алуға болатыны да айтылды. Ендеше жекелеген сұрақтарыңыз болса 555165 немесе 87053206070 және 555164 немесе 87470400542 телефон нөмірлеріне хабарласып жауап алуға болады.



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

САҚТАНУШЫҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Егер сақтандыру жағдайы орын алса, өтемақыны қалай алуға болады? Сақтандыру полисі не үшін қажет, ол сізді қандай күтпеген жағдайлардан қаржылық тұрғыдан қорғай алады, сақтандырудың қандай түрлері бар және сақтандыру компаниясын таңдағанда нені ескеру керек, бұл туралы біз оқырмандарымызға бұған дейін жарияланған материалдарда айтқан болатынбыз.

Бүгінгі күні Fingramota.kz сайты сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының іс-қимыл алгоритмін қарастырады.

Сақтандыру жағдайы - сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін жағдай. Мұндай анықтама Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне берілген. Басқаша айтқанда, бұл сақтандыру компаниясы белгілі бір өтемақы төлейтін жағдай. Сақтандыру жағдайын сақтандыру тәуекелінен ажырата білген жөн. Бұл мәнмәтінде жағдай - бұрын болған, ал тәуекел гипотетикалық түрде болуы мүмкін оқиға. Сақтандыру полисі тәуекелдерден қорғау үшін ресімделеді. Ал өтемақы сақтандыру жағдайы басталған кезде төленеді.

Сақтандыру жағдайының басталу талаптары

Оқиға сақтандыру жағдайына айналуы үшін ол бірнеше өлшемшарттарға сәйкес келуі керек. Бұл оқиғаның кездейсоқ әрі тосыннан болуы, сонымен бірге мүлікке немесе сақтанушыға зиян келтіру, яғни сақтандыру жағдайының бір уақытта орын алуы және сақтанушыға белгілі бір зиян келтіруі керек. Сақтандыру компаниясы бұл фактіні сақтандыру сомасына байланысты ақшалай баламада бағалайды. Мысалы, сіз жол-көлік оқиғасына ұшырадыңыз, нәтижесінде сіз автокөліктің бамперіне зақым келтірдіңіз. Дегенмен, сіз бұған дейін айнаны сындырған болатынсыз. Сақтандыру компаниясы сізге бампердің өтемақысын төлейді, ал айна үшін ақы төлемейді.

Сақтандыру жағдайларына қандай оқиғалар жатпайды

Кейбір оқиғалар сақтандыру жағдайына жатпайды - заңнамада бұған тыйым салынады. Мысалы, құмар ойындарда ұтылу немесе ҚР заңнамасын қасақана бұзатын заңға қайшы әрекеттер.

Бұдан басқа, кейбір жағдайларда заңнама сақтандырушының өтемақы төлеуден босатады. Мәселен, ҚР Азаматтық кодексінің 935-бабы бойынша «жәбірленушінің теріс пиғылы салдарынан пайда болған зиян өтеуге жатпайды», сондай-ақ өтемақы мөлшері «егер жәбірленушінің өзінің өрескел абайсыздығы зиянның пайда болуына немесе ұлғаюына себеп болса» азайтылуға тиіс. Мысалы, егер қандай да бір радиацияның, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе әскери іс-қимылдардың нәтижесінде болған сақтандыру жағдайлары.

Сондықтан да сақтандыру шартын мұқият оқып шығу маңызды, онда қашанда сақтандыру жағдайларының тізіміндегі ерекше жайттар жазылады.

Сақтандыру оқиғасы басталған кезде не істеу қажет

Сақтандыру оқиғасы басталған кезде сақтандыру компаниясына барынша жылдам хабарласу маңызды. Сақтандыру оқиғасы туралы хабарлау маңызды болып саналатын мерзімдер сақтандыру шартында жазылған. Олар үнемі шектеулі, сондықтан да сақтандыру компаниясына қоңырауды кейінге қалдырмағаныңыз жөн.

Сақтандырушы сақтандыру оқиғасының басталғанын растайтын қандай құжаттарды жинап, ұсыну керектігін

түсіндіреді. Көбіне жеке куәлік, полис, медициналық құжаттар (егер біз өмірді және денсаулықты сақтандыру туралы айтатын болсақ), сарапшылардың қорытындылары (егер жылжымайтын мүліктің зияны туралы айтатын болсақ), апаттық комиссардың хаттамасы (егер ЖКО орын алса) қажет.

Құжаттармен бірге өтінішті толтыру қажет болады — бланкіні әдетте сақтандырушы ұсынады не компанияның сайтынан жүктей аласыз немесе олардың мобильді қосымшасында ресімдей аласыз. Өтініш пен растайтын құжаттарды бергеннен кейін шешімді күту қажет. Егер оң шешім болса, сізге сақтандыру төлемі төленеді.

Әдетте, полисті сатып алғанда клиент сақтандыру оқиғасы басталған кезде оған қалай әрекет ету керектігі туралы егжей-тегжейлі жадынама беріледі — оны бағдарға алуға болады. Егер орын алған оқиға сақтандыру оқиғасының өлшемшарттарына сәйкес келсе, полис иесі өтемақы ала алады. Ол үшін барлық құжатты дұрыс ресімдеу қажет. Сақтандыру компаниясы өз клиенттерін бақыламайды және орын алған жағдаят туралы хабарсыз. Сондықтан да регламентке сәйкес өтініш беру қажет.

Сақтандыру төлемін алу үшін әлеуетті сақтанушы (пайда алушы) оқиғаның (сақтандыру оқиғасының) ҚР Азаматтық Кодексінің 817-бабының 3-тармағында көрсетілген белгілі бір белгілері болуы тиіс екенін білуі қажет.

Олардың негізгілерін атап өтсек:

- оқиғаның болуы ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

- шарттың қолданылу шегінде оқиғаның сөзсіз және объективті түрде орын алу қаупінің болмауы, бұл туралы тараптар немесе, ең болмағанда, сақтанушы әдейі білген немесе алдын ала хабардар болған;

- оқиғаның басталуы сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) ерік білдіруімен және (немесе) ниетімен байланысты емес және пайда алу және (немесе) ұтыс алу мақсатын (алыпсатарлық тәуекел) және т. б. көздемейді.

Сақтандыру жағдайы кезіндегі төлемнің мөлшері қандай?

ҚР Азаматтық кодексі 820-бабының 2-тармағына сәйкес сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартында белгіленеді. Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерлерін айқындау тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленеді.

Мысал арқылы талдайық. Егер сақтандыру жағдайы қызметкердің 5%-дан 29%-ға дейінгі жұмыс қабілеттілігін жоғалтумен байланысты болса, аталған жағдайда зардап шеккен адамға залалды жұмыс беруші өтеп береді. Адам 30%-дан 100%-ға дейінгі жұмыс қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда, аталған адамға шығынды өтеу үшін сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру компаниясы төлем жасайды.

Сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және/немесе жерлеуге кететін шығыстардың мөлшері сақтандыру сомасының мөлшерінен асатын жағдайда, айырма сома сақтанушының (жұмыс берушінің) есебінен төленеді («Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы).

Кредит бойынша сақтандыру оқиғалары кезіндегі жайттар Заңнама бойынша ипотекалық кредит ресімдеу кезінде сіз жылжымайтын мүлік объектісін сақтандыруыңыз керек.

Автокредит ресімдеу кезінде автокөлік те КАСКО полисімен сақтандырылады.

Сондай-ақ, кез келген кредитті алған уақытта сіз өміріңіз бен денсаулығыңызды өз еркіңізбен сақтандыра аласыз. Ипотекалық және жай тұтынушылық кредитіңіз болса, мұндай сақтандыру полисі кредит бойынша пайыздар мен артық төлемді азайтуы мүмкін. Бұдан басқа, егер қарыз алушыда бір жағдай туындаса және ол денсаулығына байланысты кредитті төлей алмаса, сақтандыру полисі клиент пен оның отбасын қорғайды. Алайда барлық стандартты ерекше жайттардың кредиттерді сақтандыруға да қолданылатынын есте ұстаған жөн.

Сақтандыру полисі барлық тәуекелді өтей ме немесе ерекше жайттар бар ма?

Есіңізге тағы да сала кетейік, сақтандыру шартын жасамас бұрын оның барлық талаптарымен және сақтандыру полисі өтейтін тәуекелдерді тізбесімен мұқият танысып шығу керек. Олардың ішінде ерекше жайттардың болатыны сөзсіз, мәселен ҚР Азаматтық кодексінің 839-бабының 4-тармағына сәйкес:

• Егер сақтанушы оқиғаның басталуын әдейі ұйымдастырса, онда сақтандырушы оған сақтандыру төлемін төлеуден бас тартыды. Бұл сақтандыру шартының талаптарын бұзу болып табылады және сақтанушы тарапынан алаяқтық болып саналуы мүмкін;

• Егер сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру тәуекелі, жағдайы және оның салдары, сақтандыру объектісі жөнінде дәйексіз және жалған ақпарат берген;

• Егер сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуымен байланысты мән-жайларды егжей-тегжей тергеу үшін ақпарат ұсынудан бас тартса;

• Егер сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы дер кезінде хабардар етпеген болса және т.б. зиянды өтеуден бас тарту мынадай жағдайларға қолданылады.

Сақтандыру жағдайы бойынша төлем төлеуден бас тартты, не істеу керек?

Сақтанушы өтемақы төлеуден бірнеше себеппен бас тартуы мүмкін. Көбіне мұндай жағдай, егер жазатайым жағдай шарт бойынша тәуекелдер тізіміне кірмеген жағдайларда болып жатады. Мысалы, сіз пәтеріңізді су басу жағдайларынан сақтандырыңыз, бірақ егер нөсер жауын кезінде терезелеріңізді ашық қалдырсаңыз, судан болған зақымды сақтандыру полисі өтпейді. Сондай-ақ егер полистің қолданыс мерзімі өтіп кетсе немесе ол бойынша жарналар уақтылы төленбеген болса, ақша берілмейді.

Сондай-ақ өтемақы төлеуден бас тарту жағдайларының жиі болуы - құжаттардың дұрыс ресімделмеуі немесе олардың болмауы. Мысалы, сіз медициналық көмекке жүгінбей, өз бетіңізше емделдіңіз. Алған жарақатыңыз құжат жүзінде расталмаған болса, сақтандыру компаниясы жарақатыңыздың ауырлығын бағалай алмайды және өтемақы төлемейді.

Сондай-ақ өтемақыны төлеуден бас тарту ерекше жайттардың тізімімен байланысты болуы мүмкін. Мұндай жағдайға тап болмас үшін шартқа қол қойғанға дейін онымен мұқият танысып алған жөн, ал жазатайым жағдай болғанда жоғарыда аталған регламентті қатаң сақтау қажет.

Егер сіз сақтандыру жағдайы туралы уақтылы хабарласаңыз, сақтандыру шартыңыздың қолданыс мерзімі өтпеген болса және келтірілген залал бойынша барлық қажетті құжаттарды қоса тіркеген болсаңыз, онда сақтандыру өтемақысын алуда қиындықтар туындамауы керек.

Алайда егер сізге өтемақы төлеуден бас тартылған болса, онда сақтандыру омбудсманна жүгіне аласыз, ол өзара қолайлы шешім қабылдау үшін сақтандыру компанияларымен даулы мәселелерді шешеді.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

ТАЙЫНША АУДАНЫНДА СПОРТ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



Тайынша ауданында спорт пен дене шынықтыру саласын ажырамас серігі еткен азаматтардың төл мерекесі аталып, сала майталмандарына құрмет көрсетілді.

Олардың басым бөлігі айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіп, аудандық, облыстық, республикалық, тіпті халықаралық аренада өнер көрсеткен спортшылар. Аталған салаға енді аяқ басып келе жатқан жас спортшылардың да биік белестерден көрінері айқын.

Сала мамандарын бұл күні Тайынша ауданының әкімі Берік Әлжанов құттықтап, жылы лебізін арнады. Ол өз сөзінде спортты халық арасында насихаттау салауатты ұлттың нышаны екенін атап өтті. Оның бірден бірі дәлелі, ауданымызда жаңа спорт секциялары ашылып, спорт нысандары салынып жатыр. Атап айтқанда, Тайынша қаласында хоккей кортын ашу жоспарланып отыр. Сонымен бірге Келлер ауылында дене шынықтыру-спорт кешенінің құрылысы басталып кетті.

«Бұл – денсаулық, күш-жігер, шыдамдылық, сергектік мерекесі. Халық даналығында «Тәні саудың – жаны сау» деп тегін айтылмаса керек. Салауатты өмір салты, дене шынықтыру мен спортты дамыту еліміздегі маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Біздің ауданымызда да бұқаралық спортты дамытуға ерекше мән беріліп, спорт кешендерінің жүйесі кеңейе түсуде. Мектептер мен спорт үйірмелерінде дене шынықтыру мен шұғылданушылар саны көбейіп келеді. Бүгінде біздің спортшылар Тайынша ауданының спорттық айбынын лайықты түрде қорғап келеді.

Жаттықтырушылар мен спортшылар алдағы уақытта да біздің аудан мерейін асырып, даңқын шығаратын лайықты алмастырушыларды тәрбиелеу үшін өздерінің шеберліктері мен

күштерін, өздерінің тәжірибелерін жұмсай береді деп сенемін. Спорт саласындағы жетістіктеріңіз арта берсін!», – деді әкім.

Бұл күні аудан спортшыларына барынша құрмет көрсетілді. Олардың қатарында, «Север» ойындарына қатысқан спорт майталмандары, шаңғы тебу бойынша команда, мүмкіндігі шектеулі жандардан құралған «Надежда» құрамасы, ұлттық спортты насихаттап жүрген көкпар және қазақша күрес бойынша жинақталған құрама, «Ақ бидай» жазғы спорт ойындары мен «Жастар» облыстық спартакиадасында үздіктер қатарынан көрінген тайыншалық командалар болды. Айта кетерлігі, «Ақ бидай» жазғы спорт ойындарында тайыншалықтар футбол, баскетбол, шахбат, дойбы, үстел теннисі, ауыр атлетика сынды спорт түрлерінен үздіктердің қатарынан көрініп, жүлделі 4-ші орынды иеленген болатын. Ал «Жастар» облыстық спартакиадасында аудан құрамасы үздік үштікке кірді.

Жиынбарысында аудан жетекшісі Берік Әлжанов балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебінің жаттықтырушысы Молдабек Ағзамов, Анатолий Кувшинников пен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің маманы Сәуле Құсайынова сынды тайыншалықтарды Құрмет грамотасымен марапаттады. Бір топ азамат аудан әкімінің Алғыс хатына ие болды. Олардың қатарында Олег Нейфельд, Рүстем Закиров, Оксана және Владимир Лапченко болды.

Әлбетте, тайыншалық спортшылардың қол жеткізген жетістіктермен шектелмей, болашақта да биік белестерден көрінетіндіктеріне сенім мол. Жеңісті күндер көп болсын, ағайын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫ



«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті» ММ (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) талаптарын мүлтіксіз сақтау және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы бойынша қызметкерлермен тұрақты негізде жұмыс жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта саяси дамуға қарамастан әлемнің барлық дерлік елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да өмір сүруін жалғастыруда, тек ауқымында ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік, экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған.

Қазіргі заманғы мемлекеттік қызметтің негізгі проблемаларының бірі мемлекеттік органдар мен олардың аппараттары қызметінің тиімділігінің жеткіліксіздігі болып табылады. Мемлекеттік қызмет жағдайының бұл маңызды көрсеткіші әзірге төмен деңгейде қалып отыр, оның себептерінің бірі – мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлықтың жоғары болуы.

Жоғарыда баяндалған Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 ақпандағы №802 Жарлығына байланысты «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының Тұжырымдамасы» бекітілді. Осы Тұжырымдаманың мазмұнына 7 бөлім енгізілген: тұжырымдама паспорты, ағымдағы жағдайды талдау, халықаралық тәжірибеге шолу, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту пайымы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидалары мен тәсілдері, нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер, тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары.

Жоғарыда аталған тұжырымдамаға сәйкес «ағымдағы жағдайды талдау» 2-бөлімінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік қызметтегі алдын алу шаралары қаралады, олар қазірдің өзінде қабылданды: Мемлекеттік қызметтің «мансаптық» моделіне көшу қамтамасыз етілді, жұмысқа қабылдау кезінде ашық конкурстық іріктеу қағидалары енгізілді, мемлекеттік қызметшілердің жұмысын бағалау жүйесі қайта қаралды, Мемлекеттік қызметшілер үшін Әдеп кодексі қолданылады, мемлекеттік қызметшілерге шетелдік банктерде шоттарды иелену, адамдарға қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтар алуға және беруге толық тыйым салу көзделген, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын мемлекеттік қызметшілер үшін жақын туыстарымен, жұбайларымен және жекжаттарымен бірлесіп жұмыс істеуге жол бермеу туралы нормалар күшейтілді.

Н.П. БОРЗИЛОВ,
«ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің СҚО бойынша аумақтық департаменті».

ДАНАЛЫҚТЫҢ КӨЗІНДЕЙ, ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ ЗАМАНА ШАМШЫРАҚТАРЫ



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Қожаберген жырау (1663-1763 ж.) мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатына араласқан атақты жорықшы жырау, оның болмысына, маңдайына, тағдырына Жаратқан ие алуан-алуан озық та озат өлшеусіз қабілеттер дарытқан. Ол – Әз Тәукенің кеңесшісі, әскербасы, тайпа көсемі, саясаткер, баһадүр, би, соғыс өнерінің майталманы. Жастайынан Самарқан пен Бұхарада мұсылманша терең білім алған, араб-парсы, шағатай тілдерін жақсы білген білімдар, сұңғыла саясаткер, шежіреші, күйші, қобызшы екен.

Ұлылықтың, даналықтың көзінде, күмбезінде ұлт тарихындағы замана шамшырақтары Қазтуған жырау (XV ғ.), Доспамбет жырау (XVI ғ.), Шалкиіз жырау (1465-1560 ж.), Жиембет жырау (XVII ғ.), Марғасқа жырау (XVII ғ.), Бұқар жырау (1668-1781 ж.), Тәтіқара жырау (XVIII ғ.), Үмбетей жырау (1706-1778 ж.) сияқты қадірлі-қасиетті заңғар тұлғалардай айрықшаланған айтулы қайраткер. Академик Манаш Қозыбаевтың “Дауылпаз баба – Қожаберген”, – дейтін байыптамасында Қожаберген жырау қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының ортақ жасағына қолбасшылық еткен. Орталық Азия деңгейіндегі әскери қайраткер деп жазылған.

“XVIII ғасырдағы қазақ тіршілігінің энциклопедиясы” (Сәбит Мұқанов) “көмекей әулие” атанған Бұқар жырау “Қамалды бұзған құлшына” дейтін толғауында:

Шаңқобызын Қожекең,

Жосаменен сырлаған,

“Елім-айдай” қиссасын

Қан майданда жырлаған, – деп, Қазақстанның саяси-құқықтық, әскери, өнер, дипломатия, жыраулық өнер тарихындағы Қожаберген жыраудың елшілік, мемлекетшілдік, қаһармандық істерін тамылжыта, төгілте сипаттайды. Толғауда Қожаберген жыраудың Түркі елінің ортақ перзенті, баһадүр, сардар, ордабасы, қобызшы, емші, әнші, күйші, данагөй, ойға, сөзге телегей екендігі нақышты бедерленген. Ұлттық тарихты көркемдік-философиялық тұрғыдан суреткерлікпен шалқыта зерделеген дәуір жыршысы Әбіш Кекілбаев “Әйтеке би” дейтін тарихи-әдеби еңбегінде (1991 ж.) Қожаберген жырауға қатысты сындарлы ой-пікірлер сабақтайды. Бұл орайда хас суреткер Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының “Даналар” атты жырынан:

“Өнерге құлаш ұрып бала жастан,

Тарихын бұл үш жүздің етіп дастан,

Баласы Толыбай сыншы Қожаберген

Бой ұрған ерен іске әуел бастан” – дейтін шумақты

келтіреді. Қаламгер Ә.Кекілбаев Қожаберген жыраудың “Елім-ай” дастанынан айыр тілді Әйтеке бидің ғұмырнамалық бел-белестерін, ұлт тәуелсіздігі, ұлы мақсат жолындағы берекелі іс-әрекеттеріне, қайраткерлік тұлғасына байланысты ой сарынды мен тарихи деректерді меруерттей тізіп көрсетеді.

Қожаберген жыраудың “Елім-ай” дастаны – “ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” заманының көркем энциклопедиясы. “Елім-ай!” Ұлы дала тарихында ұлы бабаларымыздың ұлт, халық, мемлекет, жер қорғау қайғысынан туған аяулы, асыл түйдекті лебіз. Тарихи-этнографиялық, тілдік, палеосемантикалық қасқалдақтың қанындай қымбат құндылықтар мен ақпараттарға бай Орхон жазба ескерткіштерінде “Елім-ай!”, “Туған жерім-ай!”, “Бектерім-ай!” (152 мәрте), “Қонысым-ау!” (749 рет), “Қара жерім-ай!”, “Жоғарыда Тәңірім-ай!”, “Қара орманым-ай!”, “Ынтымақ-ай!” және т.с.с. Ұлы дала жұртының бойтұмарындай киелі, жұлынды сөздер “Елім-ай!” дастанын оқығанда тарихи сабақтастық, жалғастық бар екенін тайға таңба басқандай танытады.

Халықтың қабырғасы қайысып, қайғысы молайғанда, айы ауып, күні қисайғанда қан жұтқанда, қанға бөккенде, қара нардай шөккенде, обырлар, озбырлар сүлікше сорғанда, “дәулет құсы” бастан ұшқан тағы тайғақ “қайың сауған” заманда Қожаберген жыраудың “Елім-ай!” дастанымен қатар “Ақтабан шұбырынды”, “Еңсегей”, “Ақ Еділ”, “Ғазан күйі”, “Қамбар”, “Шора”, “Абылай маршы”, “Сырым сазы” дейтін заманның гөй-гөйін, запыран-зарын жеткізген халық қаһармандығын бұырқанып-бұрсанып сипаттаған музыкалық поэмалар мен күйлер туған.

“Елім-ай!” дастанында геостратегиялық жағдай, әскери колонизация, соғыстық тактикасы мен стратегиясы, саяси мақсат пен пиғыл, жаһандық билік мәнісі терең, толық сипатталған.

Отантанушы, деректанушы жырау Әз Тәукенің (шамамен 1635-1715/1718 ж.) ерекше мақсаткерлігін, ересен ұйымдастырушылығын, төтенше қолбасшылығын, әскери шешендігін, үш жүздің басын қосып топтастырғанын біліп, тұлғалық болмысына тәнті екендігін айтып отыр.

Деректерді сөйлетсек, Тәуке 1672 жыл үш жүздің ханы атанған. “Баһадүр” дейтін жоғары әскери лауазымға ие болған.

1681-1685 жылдарда Жоңғар билеушісі Ғалдан-Бошақты хан (1678-1697 ж.) Тибет буддизмін Орталық Азия өңіріне орнықтыру үшін 7 әскери жорық жасағанда Тәуке хан басқарған жасақ төтеп берген. Әсіресе 1688 жылы қырғын соғыс, жойқын ұрыс ұйымдастырған, сағын сындырып, тойтарыс берген.

Тәуке хан 1687-1697 жылдарда қазақ қоғамы тарихында орасан саяси өзгерістер жасағанды. Жайылымды реттеу, ру-тайпа таңбаларын енгізу, дәстүрді сақтау мен жетілдіру, 1790 жылғы Қарақұм құрылтайы, генеологиялық құрылым, ұлттық бірлік, хан кеңесі, ел басқару және т.с.с.

1698-1703, 1708, 1709-1710, 1712 жылдардағы сұрапыл соғыстарда Тәуке хан шешімпаздық танытты, қаһармандық көрсетті.

Ол Түркістан қаласын қорғау мақсатында 80 мың атты жасақ ұстаған. Мемлекет территориясын басқыншылардан қорғау – Тәуке ханның басты ұстанымы еді. Бұл орайда орыс тарихшысы А.И.Левшиннің оны көне Спартаның дарабоз заңгері Ликургпен теңегені ақиқат шынайы шындық. Және де Ұлы даланың негізгі қағидаттары “Жеті Жарғы” – Әз Тәуке даналығының нақты мысалы.

1690 жылдарда Ойрат хандығының аумағын Есіл, Ертіс, Қызылжар, Ақмола, Жаңа-Сібір, Еділде – Қалмақ хандығын қамтиды.

Орыс-жоңғар қатынасы 1607 жылы басталған. 1745 жылы Тарбағатайда Ғалдан-Серен ұрпақтары мыс зауытын ашқан. XVIII ғасырдың басында орыс слесарі Зеленовский Цеван-Рабданмен бірігіп, мылтық жасауды жолға қойған.

Әнет баба мен Әз Тәукеден бата алған Қожаберген жырау замананың “қағынғанын”, қызылкөздердің “жолбарыстай” шабынғанын, ұлы жұртымыздың қансырап абдырағанын, тоздырғанын, албастылардың, қанқұмарлардың, нақұрыс әзәзілдердің ойрандағанын Ресейдің қамал-бекіністер салып “масайрағанын”, Сыр бойы, Қаратау, Сайрам, Тараз, Созақ (көне аты Аяз қала), Түркістан, Еділ-Жайық жері астан-кестен, быт-шыт болғанын, Ресей, Қытай, Жоңғария Ұлы даланы бөліп алғысы келгенін, “қорғасын оқты бұршақша жаудырғанын”, “Зерафшанға ел кеткенін, естілерден ес кеткенін”, бытырап үріккенін, күңіренгенін, ылаң салғанын, зауал төндіргенін зарлатып-сарна-тып толғайды.

Қожаберген жыраудың ұран сөзіндегі ұлы тілегі “Елім-ай” дастанының бастапқы сөйлемдерінде-ақ нақты көрініс тапқан. Айталық:

Алла өзі алсын өзі панасына,

Душпанның қол жеткізсін жағасына.

Сөйтіп, дауылпаз дабысты жыршы Ұлы даласын тұтастай оятып-сілкіндіріп, жалпы халқына, қайратты сардарларына, дегдарларына, сарбаздарына, маңғаздарына, сырбаздарына, дария қария-даналарына, аймақ билеушісі шораларына, бибектеріне, көшелі көсемдеріне сөзін арнап, ел қорғау жолына қамшылап, қолдап-демеп, тұлпар мініп, “бөрілі жасыл байрақ” ту ұстап, жаудан қорғану керектігін мәлімдейді.

Табигатына көсемдік, көшелілік, шешендік тән жырау заманның тілі, кемеңгерліктің үлгісі, даналықтың айнасы деуге айғақ дастанын осылайша күмбірлетіп-дүсірлетіп бастайды, “пайдалы насихаттарын” мәлімдейді.

Жыраудың өзі де текті. Ағасы Қарабас ер Әз Тәукенің үзегі екен. Қожаберген жыраудың тұлғасы мына бір шумағынан-ақ байқалады:

Жасымнан ғаскер ерттім, сардар болып,

Сырт жаудан ел қорғадым, жасап жорық.

Салдық пен қолбасшылық арқасында,

Қазақтың жер жағдайын білдім толық.

Бұл тұста оның Қазақ жерінің шекарасы, географиясы тұрасындағы тұжырымды пікірлері өте-мөте көкейкесті. Мәселен, Батыс Сібір, (“Қайран Керей елім-ай, Көк шалғын Сібір жерім-ай!”), Омбы, Байкөл, Кемер, Алаш тауы, Алтайдың шығыс беті, Алаш өзені, Ұста қыстақ (Новокузнецкий). Ол Сібірді мекендеген түрік ру-тайпаларын түгелдей тізбелейді. Не деген тарихи зерделілік! Үздік биліргілік! Озат отаншылдық!

Қожаберген жыраудың гуманистік көзқарасы, отаншылдық рухы да асқақ, биік.

а) Өткерді қиындықты туған халқым,

Сақтады дінін, тілін, ата салтын.

ә) Таралған үш жүз ұлы бір ұядан,

Сөйтсе де қоныс тепкен әр қиядан.

Жорықшы жыраудың Қазақ Елі біртұтас бір ұяның түлегі, “тірлікте бір-біріңе мейірімді бол” деуі – Әйтеке бидің мына ғибратнамасымен үйлеседі:

“Біз қазақ – бір ұяның балапаны едік,

Қанаттанып, сұңқар болып самғайық!

Біз бүкіл қазақ – бір биенің құлыны едік,

Тұлпар болып оза шабайық!

Біз қазақ деген – бір тоғайдың ағашы едік,

Орман болып жасылданайық, жайқалайық!

Біз бүкіл қазақ – бір шаңырақ, бір қазан,

бір төрелік дастарқан болып,

Атамекенді түгел қамтиық!”

Қожаберген жыраудың шығармашылық өмірбаяны да “Елім-ай” дастанында шебер сомдалған:

Жұртыма шал да болсам едім қорған,

Қарғыттым тұлпарымды терең қордан.

“Апат күннің шежіресін жырлаған” қазыналы жырау

мағыналы тарихи сөзін былайша сөйлетеді:

Мен сонда қобыз алып, ойға баттым,

Аздан соң “Елім-ай” деп, күйді тарттым.

Халайық көздеріне жас алғанда,

“Елім-ай!” әнін шырақп, жырын айттым.

Дәуір мәліметтерін, халық қасіретін арқау еткен жыр күйге, ән-күй жырға айналған. Бұл көркем куәлік “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” заманының мыңжылдықтар бойы тозбайтын асыл мүлігі.

Мұның бір мысалы ретінде екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Брест қамалын қорғаған, фашистердің тұтқынына түскен, Түркістан легионының құрамында болған атақты дарабоз скрипкашы, әлемдік классикалық шығармалардың шебер, мінсіз орындаушысы Айткеш Толғанбаев (1924-1995) Фрайбургте соғыс тұтқындарының концертінде “Елім-ай” әнімен сахна төріне шыққан. Жат жұрттықтар алдында қалайша өнер көрсеткенін Айткеш Толғанбаев былайша еске түсіреді: “...Ендігі жерде өзім скрипкаға арнап өңдеген қазақтың халық әні “Елім-айды” орындадым. Тыңда, Еуропа! Тыңда, Германия! Барлығың да тыңда! Менің бәрінен артық көретін елімді тыңда. Туған жерге деген жүрегіміңнің сағынышы мен шер-мұңымды тыңда! Қазақтың халық әні “Елім-айды” тыңда! Ақырғы қайырмасын қайталап тартарда, залға көз салып едім, көпшіліктің маған аянышпен қарап, мені түсініп, жанашырлық танытып отырғандарын сезінгендей болдым”.

Бұл поэмда жоңғарлықтарға Ресей мен Қытайдың мылтық бергендігі де айтылған.

Мылтығын Ресей, Қытай қалмаққа сатты,

Айдап сап малғұндарды қоқандатты.

Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,

Орыстар қамалдарын салып жатты.

Негізінде, “Елім-ай” дастаны ел арасына ауызша да,

қолжазба күйінде де тараған. Жазбаша нұсқасын сақтаған – Қожаберген жыраудың ағасы Қарабастың ұрпағы Шақшақ батыр Көшекұлы. Одан сегіз сері көшіріп, одан соң Ер Есенейдің жиені Тәштит Тәбейұлы Барлыбаевтан Шыңғыс Уәлиханов, Зілғара шешен баласы Мұса үйренген. Ең ақырында Қожахмет Дәрібайұлы (1891-1978 ж.) насихаттаған.

“Керей Қожаберген жыраудай бұрынғы-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес. Ол кісінің “Елім-ай” жыры – әскери дастан. Жас бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен?..” – деп жазыпты Бауыржан Момышұлы.

Әйгілі әнші Манарбек Ержанов сегіз серінің “Толыбайын” Әміре Қашаубаевтың өз аузынан үйренген. Қожаберген жыраудың “Елім-ай!” дастанында замананың қан-қасап суреттері, түркі жұрттарының тағдыр-талайы, жалмаңдаған жоңғарлықтардың жыртықшытық, қанқұйлы қимылдары, қазақ хандары мен көсем билерінің кесек тұлғасы тарихилық пен деректілік негізінде келісті, кемел баяндалған. Әсіресе жолға салса жорға, жонға салса жүйрік Қожаберген жыраудың ататек шежіресі, өмір тарихы, қолбасшылық өнері мен өнегесі терең де әсерлі баяндалған:

Атыма көптен қанық қазақ, ноғай,

Есімім – Қожаберген, әкем – Толыбай.

Бөгенбай бұрынғы ордабасы ем,

Үш жүзде сардар болған қалың қолға-ай.

Қалмақтың қамалдарын бұзған талай

Әз Тәуке қасындағы қолбасы едім.

Кейінгі ақындарға нұсқа айтқан,

Қазақтың аға жырау жорғасы едім.

Немесе:

Шәкіртім қайда екен Бұқар жыршы,

Ол Бұқар әрі ақын, әрі сыншы...

Кенжесі ем Толыбай сыншы Қожаберген,

Бата алғам Әнет пенен Әз Тәукеден.

...Ер Көкше, Ер Есімді қисса еткен,

Керейдің жырауы мен – Қожаберген.

Арғы атам – ордабасы Дәулен батыр,

Еділге, Алтайға да тіккен шатыр...

Қожаберген жыраудың тарихи дастанында Ресей, Қытай, Қалмақ хандығы “жүз құлпырған, қызықтырған” қазақ жерін тұталақай етіп бөліп иемденбекші екендігін:

Жолығып көп мылтықты дүлей күшке,

Айналды жақсы тұрмыс күрген түске.

Ресей, Қытай, Қалмақ ақылдасып,

Алмақшы қазақ жерін бөліп үшке, – деп, ел басына

үйірілген қасірет-тақсиретті, қырғын-сүргінді нақпа-нақ көрсетеді.

Жырау ұлт трагедиясын:

Бұл заман, қай-қай заман, құйын заман,

Шіріткен тамам жұрттың миын жаман.

Бұл заман, қай-қай заман, қасқыр заман,

Көрші ел жоқ қазақтарға қас қылмаған, –

деп гөй-гөйлетеді. Бұл шумақтың әлеуметтік, саяси, тарихи, фәлсафалық, көркемдік мән-мағынасы, сыр-сипаты өзгеше.

“Елім-ай” дастанында тұлғатануға қатысты шежірелік-деректемелік арқаулар, жер-су, ру-тайпа аттары жеткілікті. Қожаберген жыраудың “Баба тілі”, “Ататек” дейтін дастандарында ата тарихымыздың, озық дәстүріміздің сәулелі ұшқындары, тарихи сана-зерде, Асан қайғы, Жиренше, Әз Жәнібек сыйлап өткен, “миды оятқан” жажап, таза, киелі-жүйелі тіліміз, ерлік-елдік қасиеттеріміз ересен көркемдік-философиялық тегеурін-қуатпен жырланған. “Баба тілін қадірле, Болашақтан түңілме!” дегені парасаттылықтың белгісіндей. Оның “Жақсылық пен жамандық жайындағы хикаятында” сақилық пен сараңдықты салыстырып, мырзалықты, адамшылықты, жанашырлықты дәріптейді. “Ақсауыт”, “Насихат өлеңдері”, “Бес қару”, “Білерсің” атты жыр-толғауларында даналық ой-пікірлер туындатқан.

Академик Салық Зиманов Қожаберген жыраудың “Жеті Жарғы” дейтін дастан жазғанын айтады. Және де:

Шығайдан соң орнына Тәуке қалды,

Кезінде Әз Тәуке деп атақ алды.

Қазыбек, Төле, Әйтеке ақылшы боп,

Дейтұғын “Жеті Жарғы” заң шығарды, –

деген жолдарды мысалға алады.

Задында, “Елім-ай” дастанында сегіз қырлы семсердей

сес сөзі де, қамал бұзар айбар сөзі де, өнегелі тарихи сөз де, ар-намысты қайрайтын ұран сөз де бар.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының қаһарманы, дариядай шалқыған даңғайыр жыраулық өнердің дүрі, пірі “Елім-ай” дастанында:

Қазағым дәулеті мол, қарқынды еді,

Жүздері ерлерімнің жарқын еді.

Құс төресі аққу құс секілденген

Жұртымың қыз-келіні алтын еді, – деген ел-жұртының

интеллектуалдық құндылықтарына, асыл қасиеттеріне, асқақ рухына бөленген бақ тірегіңдей – ақ тілеуі, лала лебізі

ғасырлар төрінен дауылпаздың даусындай саңқылдап

естіледі.

“Екі көз ақыретте тозақта күймейді. Алладан қорқып оңашада жылаған көз және Алла жолында елін күзеткен көз” (Хадис). Ендеше өзі қолбасшылық өнерімен қан майданда ерлік көрсетіп әрі дәуірнамалық “Елім-ай” дастаны туындатқан қаһарман-жыраудың көзіндегі асыл сөзі – ұлт айбары мен игілігі, халық мерейі, мемлекет рәмізі.

Серік НЕГИМОВ,

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңір ген қайраткері.

АУДАНДЫҚ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМ КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ БОЙЫНША ХАБАРЛАЙДЫ

Құрметті тайыншалықтар! 19 және 35 жас аралығындағы азаматтарды келісімшарт бойынша қызметке шақырамыз.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕГІ БАСЫМДЫҚТАР:

- 1) Нақты және уақтылы берілетін жалақы. (әскери шеніне, әскери қызметіне, әскери сынып біліктілігіне байланысты)
- 2) Айлық жалақының 20%-ы Үкімет есебінен зейнетақы жинақтаушы қорына аударылады.
- 3) Үкімет тарапынан тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үй болмаған жағдайда отбасы адамдарының санына байланысты қызметтік тұрғын үйді жалға алуға арналған қаржылай көмек беріледі.
- 4) Әскери қызметші және отбасы мүшелері мемлекет есебінен тегін емделеді (диагностика, емделу).
- 5) Белгіленген норма бойынша мемлекет есебінен әскери киім-кешекпен қамтамасыз етіледі.
- 6) Белгіленген норма бойынша мемлекет есебінен тамақпен және азық-түлікпен қамтамасыз етілуі (кезекшілікті атқару кезеңінде, дала жаттығу алаңында және стационарлық ем қабылдау кезінде).
- 7) Әскери қызметші, қызмет бабымен басқа әскери бөлімге ауысқан жағдайда келісімшарт бойынша әскери қызметші тұрғылықты жерінен екінші тұрғылықты жерге арасы 100 шақырымнан асқан жағдайда оған екі айлық көрсеткіш есебінде қаржылай көмек көрсетіледі және әскери қызметкердің отбасы мүшелерінің әрқайсына жарты айлық қаржылай көмек көрсетіледі.
- 8) Кезекті еңбек демалысының тағайындалуы. Кезекті еңбек демалысының тағайындалуы еңбек өтіліне байланысты. Әскери қызметші кезекті еңбек демалысына шығу кезеңінде оған екі айлық есеп көрсеткішінде сауықтыру жәрдемақысы төленеді.
- 9) Кезекті еңбек демалысынан басқа қосымша оқу үшін (сырттай білім алу және жоғарғы оқу орындарында емтихан тапсыру) демалыс тағайындалады.
- 10) Қазақстан Республикасы бойынша жоғарғы білім ошақтарында ақылы негізде білім алуында көмек көрсетіледі.

11) Әскери қызметшілердің балаларын тұрғылықты жері бойынша кезектен тыс мектепке дейінгі даярлық топтарына және мектепке қабылдау.

КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ БАРЫСЫНДА ҚОЙЫЛАТЫН ШАРТТАР:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы шарт.
- 2) Келісімшарт қызметіне шақырылатын азаматтар 19-35 жас аралығында болуы керек.
- 3) әскери қызметіне және мамандығына сай келуі.
- 4) шартты түрде әскери қызметте болуы немесе жоғарғы оқу орындарында әскери кафедра бітірген болуы керек.

Келісімшарт бойынша қызметке қабылданбайтын тұлғалар:

- 1) Келісімшарт бойынша қызметке денсаулығы бойынша жарамсыз және дәрігердің анықтамасы бар болғандар.
- 2) Бұрын-соңды сотты болғандар және қылмыстық істер бойынша тіркеудегі азаматтар.
- 3) Соңғы екі жыл ішінде парақорлық құқық бұзушылық және тәртіптік жауапқа тартылғандар.
- 4) Әскери және мемлекеттік қызметтен өрескел тәртіп бұзушылыққа орай кеткеніне үш жылдан астам уақыт өтпеген азаматтар

Құрметті тайыншалықтар! Сіздерді Тайынша қаласы, Светлый шағын ауданы, 7 мекенжайы бойынша орналасқан Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге шақырамыз. Байланыс телефондары: 8(71536) 2-13-70, 2-31-11.

Қысқы Жылыту Мерзіміне Дайынсыз ба?!

Қыстың қамын жаз ойлайтын солтүстікқазақстандықтар қауырт маусымға қызу дайындық үстінде. Өңір тұрғындарына жылыту маусымынан шығу үшін ағаш, көмір дайындауды қате қылмайды. Көмірді арнайы белгіленген орындардан, арнайы көмір қоймаларынан барып алуға болады. Ендеше, ағашқа бізге келіңіз, қысқы жылыту маусымында қысылмаңыз. Бар болғаны мына телефон номерлеріне хабарласыңыз: 77-4-26, 87778839255.

Үйіңізге жеткізіп береміз!

НҰРЛЫ БЕЙНЕҢ, ЖАРҚЫН ЖҮЗІҢ ЕСТЕ ҚАЛАР МӘҢГІЛІК



Қатал тағдыр ойнатып ойран дауыл,
Батырарын сездік пе ойларға ауыр?

Қапияда ажалдың оғы тиіп,
Қайрылмастан кеттің бе, қайран бауыр?!

Қойнына алды қара жер арда ұлын...

Асыл бейнең, көңілде қалды-ау үнің.

Топырағың торқа боп, тыныш ұйықта,
Жадымыздан өшпейсің, жан бауырым!

Біздің ынтымақ дарыған отбасымыздың алтын діңгегіндей болған асыл бауырымыз, жүзінен әрқашан мейірім төгілген ақылшымыз **КӘРІБАЙ ӘЛЖАНҰЛЫ ТОҒАЕВ**

небары 50 жасында кенеттен қайтыс болды. Артында зар илеп ағайын – туыс, бауырлары, әкелеп қос ұлы мен жан-жары Гүлбағда қала берді...

Осыдан – 10 жыл бұрын асыл бауырымыздан, ардақты әкеден ойламаған жерде қоштаса да алмай, айрылып қалу – әулетіміз үшін орны толмас қайғы, қаза болды... Ол - өте көпшіл, мінезімен жүрген жерінде абыройлы, құрметті болды. Кез-келген тойдың сәнін келтіріп, жақсы сөздерімен жаныңды нұрландырып жіберетін қасиеттері де бар еді. Қос ұлының анасы, жан-жары Гүлбағданы өте қатты сыйлады, жүрекке жылы тиер әндерді айтып, бұл менің жарыма арналған әнім дейтін... Ол өзінің адамгершілік қасиеттерімен, өзіне тапсырылған іске жауапкершілікпен қарауымен, жақындарына жанашырлығымен, жерлестері мен әріптестеріне деген адал көңілімен ерекшеленіп тұратын. Соның бәрі ел есінде мәңгілік сақталады деген ойдамын. Айтқан сөздерің, қайталанбас бейнең біздің жүрегімізде!

Жан едің бәрімізге болған пана,
Жамандық қылған жоқсың ешбір жанға.

Амал қанша, жоқсың бүгін ортамызда

Дұға оқып, еске аламыз үнсіз ғана.

Адам мәңгі жүрмейді екен бұл жалғанда,

Көнеміз, амалсыздан, тағдырдың жазғанына.

Көзімізге іркіліп жас келеді

Өзіңді бауырым, сағынып еске алғанда.

Мекен-жайың жұмақтың төрі болып,

Қабірің жарық болып, нұрға толсын.


Барлық ағайын-туыс, бауырлары атынан:

Дариха Әлжанқызы.

КӨҢІЛ АЙТУ

«Ветеринариялық станция» ұжымы маман Рамазанова Гүлмира Қойшыбайқызына әкесінің қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«ДОМБЫРА» ҮЙІРМЕСІНЕ ҚАТЫСАЙЫҚ!



Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра. Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра», — демекші домбыра қазақ халқының ерекше орны бар қасиетті аспабы. Біздің елде әу демейтін қазақ жоқ, сондықтан әрбір қазақтың үйінде домбыра аспабы төрде ілулі тұрса, ол біздің ұлтжандылығымыздың, отансүйгіштігіміздің дәлелі деп білеміз. Домбыра аспабын сүйемелдеуге, сонымен қатар аспаппен қосылып ән айтуға үйрету ұлттық тәрбиенің негізгі қағидаларының бірі. Осы ұлттық өнерге баулу мақсатында аудандық мәдениет Үйінде «Домбыра» үйірмесі ұйымдастырылуда. 7 жастан жоғары балалар мен жасөспірімдер ата-аналарымен бірге қатыса алады.

Хабарласу телефоны: 87776731874.

ХАЛҚЫМ ЕСКЕ АЛСЫН ӨМІРДІҢ НЕ ЕКЕНІН!

Не болса, ол болсын мінезің мен дініңді – ұмытпа!

Өлгеннен кейін ешбір хикмет қия алмайтынын – ұмытпа!

Мыланың әміріне бағынғандардың азап мекені шаһаннамға өлім тақалғанда, тәубаның қабыл етілмейтінін – ұмытпа!

Сізді теріс жолға салуға әрекеттенген шайтанның бар екенін – ұмытпа!

Дүниенің өткініші екенін – ұмытпа!

Тек қана хақ жолды көрсетуші Құран екенін – ұмытпа!

Барлық жандыны жаратқан Алла екенін – ұмытпа!

Нығметтерге шүкір етуді – ұмытпа!

Әр кез өмірден өтетініңді – ұмытпа!

Тек қана жаратушы Алла екенін – ұмытпа!

Әке-шешеңе жақсы дұға етуді – ұмытпа!

Заманның ақырына секунд сайын жақындағаныңды – ұмытпа!

Істеген қате - кемшіліктеріңе дереу тәубе етуді – ұмытпа!

Жанатқа тек салих-мұсылмандардың кіретінін – ұмытпа!

Аллаға үнемі ыхласты ғибадат етуді – ұмытпа!

Әр кез құранның көрсеткен жақсы мінезі мен мінезденуге – ұмытпа!

Қызмет және есеп күнінің бір күні болатынын – ұмытпа!

Барлық жақсы мен жаманды, қадыр мен сымбатты, арзан менен қымбатты жаратқан Алла екенін – ұмытпа!

Тарихи және діни деректерді жинаған :
Әсем Сыздыққызы. Теңдік ауылы.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 293. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.